

## Қазақстан Республикасының кейбір мамандандырылған соттарын құру және тарату туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 910 Жарлығы

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 3-бабының 3 тармағына, 6-бабының 1-тармағына, 10-бабының 1-тармағына, 31-бабының 8-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Астана және Алматы қалаларында, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарында қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар құрылсын.

2. Алматы қаласында қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери сот және аудандық сотқа теңестірілген мамандандырылған қаржылық сот құрылсын.

3. Алматы қаласындағы облыстық сотқа теңестірілген мамандандырылған қаржылық сот таратылсын.

4. Кейбір аудандық және оларға теңестірілген соттар судьяларының санының қысқаруына, Алматы қаласындағы мамандандырылған қаржылық соттың таратылуына байланысты осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес осы соттардың судьялары жаңадан құрылатын мамандандырылған соттардың судьялары деп саналсын.

5. Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі, Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының Төрағасы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери соттың, мамандандырылған қаржылық соттың төрағалары мен судьяларының қалған бос орындарына кандидаттарды іріктеу жөніндегі шараларды заңнамада белгіленген тәртіппен қабылдасын және тиісті ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізсін.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңадан құрылатын соттардың қызметін қамтамасыз ету үшін 2010-2012 жылдарға арналған республикалық бюджетті нақтылау кезінде қосымша бюджеттік қаражат бөлу жөнінде шаралар қабылдансын.

7. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет Жарлықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

8. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің  
Әкімшілігіне жүктелсін.

9. Осы Жарлық 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н. Назарбаев

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

2009

жылғы

29

желтоқсандағы

№ 910 Жарлығына

ҚОСЫМША

**Жаңадан құрылатын мамандандырылған соттардың судьялары  
болып саналатын кейбір аудандық және оларға теңестірілген  
соттардың және таратылатын Алматы қаласындағы  
мамандандырылған қаржылық сот судьяларының  
ТІЗІМІ Астана қаласы бойынша:**

қылмыстық істер жөніндегі  
мамандандырылған ауданаралық  
соттың судьялары

Ермеков Ерлан Төлеуханұлы  
Қосмұратов Ерлан Смадиярұлы

**Алматы қаласы бойынша:**

қылмыстық істер жөніндегі  
мамандандырылған ауданаралық  
ауданаралық соттың судьялары

Арғымбаева Айткүл Сәдуақасқызы  
Қалмағамбетов Қасым

қылмыстық істер жөніндегі  
мамандандырылған  
әскери соттың судьясы

Ахметжанов Ербол Ұлатайұлы  
ауданаралық

мамандандырылған  
қаржылық соттың судьялары

Қыдырбаева Айгүл Қуанышбайқызы  
Лобач Сергей Валентинович

Сәтбаева Гүлнәр Әлібекқызы

**Ақмола облысы бойынша:**

қылмыстық істер жөніндегі  
мамандандырылған ауданаралық  
соттың судьялары

Қосжанов Арлан Ермекбайұлы  
Теміров Жанат Құлатайұлы

**Ақтөбе облысы бойынша:**

қылмыстық істер жөніндегі  
мамандандырылған ауданаралық  
соттың судьялары

Әжіғалиева Гүлжан Сәрсенғалиқызы  
Сисенова Мәдина Абайқызы

**Алматы облысы бойынша:**

қылмыстық істер жөніндегі  
мамандандырылған ауданаралық  
соттың судьялары

Көлбеков Арман Шәріпұлы  
Сәдуақасов Ертарғын Рахымұлы

**Атырау облысы бойынша:**

қылмыстық істер жөніндегі  
мамандандырылған  
соттың судьясы

Хаженова Гүлнәр Рамазанқызы  
ауданаралық

**Шығыс Қазақстан облысы бойынша:**

қылмыстық істер жөніндегі  
мамандандырылған ауданаралық  
соттың судьялары

Зағиев Болатбек Мұқашұлы  
Рамазанова Жамал Тасқұлқызы

**Жамбыл облысы бойынша:**

қылмыстық істер жөніндегі  
мамандандырылған ауданаралық  
соттың судьялары

Нұрлықұлов Ғалымжан Қансейітұлы  
Төлесбай Самат Нүкеұлы

**Батыс Қазақстан облысы бойынша:**

қылмыстық істер жөніндегі  
мамандандырылған  
соттың судьясы

Өтешов Қайрат Тасқалиұлы  
ауданаралық

**Қарағанды облысы бойынша:**

қылмыстық істер жөніндегі  
мамандандырылған ауданаралық  
соттың судьялары

Қасымов Қайрат Әуезханұлы  
Құтышев Мешітбай Қошанұлы

### **Қостанай облысы бойынша:**

қылмыстық істер жөніндегі  
мамандандырылған ауданаралық  
соттың судьялары

Көлбаева Айжан Әділқызы  
Сералин Ерлік Азырханұлы

### **Қызылорда облысы бойынша:**

қылмыстық істер жөніндегі  
мамандандырылған  
соттың судьясы

Тәжімова Зылиха Жұмабекқызы  
ауданаралық

### **Маңғыстау облысы бойынша:**

қылмыстық істер жөніндегі  
мамандандырылған  
соттың судьясы

Тасмамбетов Руслан Тұрмаханұлы  
ауданаралық

### **Павлодар облысы бойынша:**

қылмыстық істер жөніндегі  
мамандандырылған ауданаралық  
соттың судьялары

Бахтияров Әділет Сайранұлы  
Төлеубаев Баубек Кәкенұлы

### **Солтүстік Қазақстан облысы:**

қылмыстық істер жөніндегі  
мамандандырылған ауданаралық  
соттың судьялары

Бекенова Гүлнара Қуанышбайқызы  
Сатыпалдинова Бақытжан Мұхтарқызы

### **Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша:**

қылмыстық істер жөніндегі  
мамандандырылған ауданаралық  
соттың судьялары

Исаев Мырзахан Өзбекұлы  
Шахидинов Әбсаттар Әбдіхалықұлы